«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ

2023 жылғы 31 желтоқсанда
аяқталған жыл үшін
қаржылық есептілік

Мазмұны

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі	
Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп	6
Қаржылық жағдай туралы есеп	7
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	8
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	9
Қаржылық есептілікке ескертпелер	10-39

Russell Bedford
taking you further

ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ ҰЛТТЫҚ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КОРПОРАЦИЯСЫНЫҢ АКЦИОНЕРІ МЕН ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ

ПІКІР

Біз қоса беріліп отырған «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясының» (бұдан әрі – Компания) 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, 2023 жыл үшін жиынтық кіріс туралы есептен, 2023 жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есептен, 2023 жыл үшін ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, 2023 жыл үшін жылдық қаржылық есептілікке ескертпелерден тұратын жылдық қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған жылдық қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда Компанияның 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, 2023 жылғы оның қызметінің қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес шынайы көрсетеді.

ПІКІР БІЛДІРУГЕ НЕГІЗ

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз осы қорытындының «Аудитордың жылдық қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» бөлімінде ашылған. Біз Аудиторлар мен аудиторлық ұйымдардың тәуелсіздік қағидаларына және Кәсіби бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес әзірлеген Кәсіби бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес келетін Аудиторлардың кәсіби этикасы кодексіне сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз кәсіби этиканың осы талаптарына сәйкес өзге де міндеттерді орындадық.

Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

ӨЗГЕ ДЕ МӘЛІМЕТТЕР

2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдық қаржылық есептілік аудитін басқа аудитор жүргізді, ол 2023 жылғы 3 наурызда аталған есептілікке қатысты түрлендірілмеген пікір білдірді.

БАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУҒА ЖАУАП БЕРЕТІН ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Басшылық ХҚЕС-на сәйкес көрсетілген жылдық қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаулары жоқ жылдық қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Жылдық қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Директорлар кеңесі Компанияның жылдық қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

АУДИТОРДЫҢ ЖЫЛДЫҚ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК АУДИТІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Біздің мақсатымыз жылдық қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ ХАС-на сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайтынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз іс-әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке немесе жиынтығында осы жылдық қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

ХАС-на сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаймыз:

а) жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржы есептілігінің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдер әзірлейміз және жүргіземіз; өз пікірімізді білдіруге негіз болуы үшін жеткілікті және лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдер аламыз. Жосықсыз әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелі қатенің нәтижесінде елеулі бұрмалауды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттер сөз байласуды, жалғандықты, ақпаратты қасақана жіберуді, бұрмалап ұсынуды немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекеттерін қамтуы мүмкін;

б) жағдайларға сай келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатынсыз аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің ұғымын аламыз;

в) қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың және басшылық дайындығын ақпаратты тиісті ашудың негізділігін бағалаймыз;

г) басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдердің негізінде – нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігіне елеулі күмән туындауы мүмкін оқиғалармен немесе шарттармен байланысты елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деп тұжырым жасасақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымызда қаржы есептілігінде ақпараттың сәйкесінші ашылуына назар аударуға немесе, егер ақпаратты мұндай ашу лайықсыз болып табылса, өз пікірімізді өзгертуге тиіспіз. Біздің тұжырымдарымыз өзіміздің аудиторлық қорытындымыз жасалған күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соқтыруы мүмкін;

д) қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, оның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғалар олардың бұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей болып ұсынылуын бағалауды жүргіземіз.

Біз Компанияның Директорлар кеңесімен ақпараттық өзара іс-қимылды, басқалардан басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты оның назарына жеткізе отырып жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ Директорлар кеңесіне тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы тұлғаларды аудитордың тәуелсіздігіне негізді түрде ықпал ететін деп есептеуге болатын барлық өзара қарым-қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еткеніміз туралы мәлімдеме береміз.

Біз Директорлар кеңесінің назарына жеткізген мәселелердің ішінен біз ағымдағы кезеңдегі жылдық қаржылық есептіліктің аудиті үшін неғұрлым маңызды болған және аудиттің негізгі мәселелері болып табылатын мәселелерді анықтаймыз. Біз бұл мәселелерді біздің аудиторлық қорытындыда сипаттаймыз, бұған осы мәселелер туралы ақпаратты жария ашуға заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған немесе өте сирек жағдайларда біз қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің қорытындыда хабарланбауы тиіс екендігі туралы қорытындыға келген кез кірмейді, себебі мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлауынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп негізді түрде болжауға болады.

Тұмабеков Ержан
Аудит бойынша серіктес

Бухгалтер сертификаты
2017 жылғы 18 қаңтардағы No 35890 CPA

Шолпанай Құдайберген
«Russell Bedford A+ Partners» ХАК «ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасы ның аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған №18013076 мемлекеттік лицензиясын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті 2018 жылғы «03» шілдеде берген.
Аудитордың біліктілік куәлігінің № МФ-0001686, 30.06.2021 ж.

2024 жылғы «27» ақпан

	Ескерту	2023 жылғы мың теңге	2022 жылғы мың теңге
Тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	5	3,159,320	3,001,034
Операциялық шығыстар	6	**(2,201,198)**	**(1,903,713)**
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	7	3,629	3,688
Өзге де шығыстар		(99,589)	(6,843)
Табыс салығына дейінгі пайда		**862,162**	**1,094,166**
Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)	8	5,250	(11,449)
Жыл ішіндегі пайда және жалпы жиынтық кіріс		**867,412**	**1,082,717**

6-дан 39-ға дейінгі беттерде ұсынылған қаржылық есептілікті басшылық 2024 жылғы 29 ақпанда мақұлдады және оның атынан қол қойды:

М.Ә. Орман
Басқарма Төрағасының м.а.

М.Р.Бекманова
Бас бухгалтер

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

	Ескерту	2023 жылғы 31 желтоқсан мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	9	5,170,918	4,890,663
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	10	212,511	378,609
Инвестициялық бағалы қағаздар	11	36,644,074	36,908,246
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер		64,730	50,465
Кейінге қалдырылған салық активтері	8	107,491	102,589
Өзге активтер		145,358	172,017
Активтер жиыны		**42,345,082**	**42,502,589**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзге міндеттемелер	12	454,447	398,077
Міндеттемелер жиыны		**454,447**	**398,077**
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ	13		
Акционерлік капитал		40,000,000	40,000,000
Қосымша төленген капитал		76,084	74,693
Бөлінбеген пайда		1,814,551	2,029,819
Меншікті капитал жиыны		**41,890,635**	**42,104,512**
Міндеттемелер мен меншікті капиталдың жиыны		**42,345,082**	**42,502,589**

Қаржылық жағдай туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

Russell Bedford A+ Partners

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздық кірістер	2,964,424	2,838,701
Сенімгерлік басқарудан алынған комиссиялық кірістер	3,688	3,454
Өзге де шығыстар бойынша төлемдер		(6,843)
Төленген басқа да жалпы шаруашылық және әкімшілік шығыстар	(754,159)	(771,293)
Персоналға төленген шығыстар	(1,388,587)	(1,091,258)
Операциялық активтерді азайту/(ұлғайту)		
Өзге де активтер	26,600	(15,778)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза шамасы	**851,966**	**956,983**
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатып алу	(31,351,078)	(33,448,722)
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түскен түсімдер	31,743,300	37,885,580
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	-	-
Жұмыскерлер өтеген ұзақ мерзімді қарыздар	133,012	151,548
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	(14,265)	(14,046)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражатының таза шамасы	**510,969**	**4,574,360**
ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Дивидендтер төлеу	(1,082,680)	(849,080)
Қаржы қызметінде пайдаланылған ақша қаражатының таза шамасы	**(1,082,680)**	**(849,080)**
Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза азаюы	**280,255**	**4,682,263**
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары	4,890,663	208,400
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары (9-ескертпе)	**5,170,918**	**4,890,663**

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

Russell Bedford A+ Partners

мың теңге	Акционерлік капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда	Меншікті капиталдың жиыны
2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	40,000,000	72,436	1,796,182	41,868,618
Жыл ішіндегі пайда және жалпы жиынтық кіріс	-	-	1,082,717	1,082,717
Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар				
Өтеусіз алынған қызметтер мен мүлік	-	2,257	-	2,257
Төленген дивидендтер (13(в) ескертпе)	-	-	(849,080)	(849,080)
Меншік иелерімен жасалатын операциялардың жиыны	**-**	**2,257**	**(849,080)**	**(846,823)**
2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	**40,000,000**	**74,693**	**2,029,819**	**42,104,512**
2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	40,000,000	74,693	2,029,819	42,104,512
Жыл ішіндегі пайда және жалпы жиынтық кіріс	-		867,412	867,412
Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар				
Өтеусіз алынған қызметтер мен мүлік	-	1,391	-	1,391
Төленген дивидендтер (13(в) ескертпе)	-	-	(1,082,680)	(1,082,680)
Меншік иелерімен жасалатын операциялардың жиыны	**-**	**1,391**	**(1,082,680)**	**(1,081,289)**
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	**40,000,000**	**76,084**	**1,814,551**	**41,890,635**

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуға тиіс.

Russell Bedford A+ Partners

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдастыру құрылымы және қызметі

«Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ (бұдан әрі, «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылы акционерлік қоғам ретінде құрылды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы 2012 жылғы 25 маусымдағы № 798-1910-06-АО анықтама (2017 жылғы 31 қаңтарда өзгерістер мен толықтырулар енгізілді).

Компания қызметінің негізгі түрлері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін, Қазақстан Ұлттық Банкінің (бұдан әрі, «ҚРҰБ») алтын-валюта активтерін, зейнетақы активтерін және басқа да активтерді сенімгерлік басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Компания бағалы қағаздар нарығында қызметін 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 4.1.4.110 инвестициялық портфельді басқару жөніндегі қызметпен айналысуға ҚРҰБ берген мемлекеттік лицензияның негізінде жүзеге асырды. «Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға» енгізілген өзгерістерге байланысты 2015 жылғы 15 мамырдан бастап Компания мемлекеттік лицензиясыз жұмыс істейді.

Компания Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А мекенжайы бойынша тіркелген.

Компанияның жалғыз акционері ҚРҰБ (бұдан әрі, «Бас компания») болып табылады. Қаржының басым бөлігі Бас компаниядан тартылған. Соның салдарынан Компания экономикалық жағынан Бас компанияға тәуелді. Бұған қосымша, Компанияның қызметі Бас компанияның талаптарымен тығыз байланысты. Байланысты тараптармен жасалатын операциялар 18-ескертпеде неғұрлым егжей-тегжейлі ашылған.

2015 жылғы 18 маусымда және 2023 жылғы 26 желтоқсанда Компания мен ҚРҰБ арасында жасалған алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік инвестициялық басқару туралы және Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры активтерінің бір бөлігін инвестициялық басқару туралы шарттардың талаптарына сәйкес ҚРҰБ баламалы инвестицияларға инвестициялық бағдарламаны іске асыру мақсатында арнайы мақсаттағы компаниялар (бұдан әрі, «Қорлар») құрылды. Компания әрбір Қорда құны 100 АҚШ доллары (19 мың теңге және 46 мың теңге) болатын басқарушы акцияларды иеленеді және Қорлардың активтерін басқаруды жүзеге асырады. Акцияның құны мәміле күнгі бағам бойынша теңгеге аударылды. Қаржылық жағдай туралы есепте осы инвестициялар өзге активтерде ескеріледі.

Компания Қордың активтерін басқаратынына қарамастан, Қор жүзеге асыратын инвестициялардан барлық экономикалық пайданы тікелей ҚРҰБ алуына байланысты Қор кірістерінің өзгеру тәуекеліне ұшырамайды. Компания агент ретінде әрекет етеді, себебі өкілеттіктер мен кірістер арасында өзара байланыс элементі жоқ. Осыған сәйкес, ХҚЕС (IFRS) 10 «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» талаптарына сәйкес Қор Компания үшін шоғырландыру объектісі болып табылмайды.

(б) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компания өз қызметін көбінесе Қазақстан аумағында жүзеге асырады. Осының салдарынан Компания Қазақстан нарықтарында дамушы нарықтарға тән өзіне тән ерекшеліктер көрсететін экономикалық және қаржылық тәуекелдерге ұшырайды. Нормативтік құқықтық база мен салық заңнамасы жетілдіруді жалғастырады, бірақ әртүрлі түсіндіру мүмкіндігіне жол береді және құқықтық және фискалдық жүйелердің басқа да кемшіліктерімен бірге Қазақстанда өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін қосымша қиындықтар тудыратын жиі енгізілетін өзгерістерге ұшырайды.

Қазақстан теңгесінің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және соңғы уақытта Ресей Федерациясы мен Украина Республикасы төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттарының белгісіздік деңгейін де ұлғайтуда.

Компания жағдайды мұқият қадағалап отырады және мұндай оқиғалар мен жағдайлардың зардаптарына олардың туындауына қарай ден қояды.

Russell Bedford

Ұсынылған қаржылық есептілік басшылықтың қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асырудың қолданыстағы шарттарының Компанияның қызметінің нәтижелеріне және қаржылық жағдайына ықтимал әсерін бағалауын көрсетеді. Шаруашылық жүргізудің болашақ жағдайларының нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

2 Есепке алу негіздері

(а) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалды.

(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары

Қаржылық есептілік нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Компанияның функционалдық валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Компания жүргізетін операциялардың көпшілігінің және оған байланысты оның қызметіне әсер ететін мән-жайлардың экономикалық мәнін ең жақсы түрде көрсететін қазақстандық теңге болып табылады.

Қазақстандық теңге сондай-ақ осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Теңгемен ұсынылған барлық сандық көрсеткіштер, егер өзгеше көрсетілмесе, ең жақын мыңға дейін дөңгелектелген.

(г) Бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-на сәйкес дайындау басшылықтан қолданылатын есеп саясатының қағидаттарына және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың көрсетілетін сомасына әсер ететін кәсіби пайымдауларды, есептік бағалар мен жорамалдарды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер көрсетілген бағалардан ерекшеленуі мүмкін.

Бағалар және олардың негізінде жатқан жорамалдар тұрақты негізде қайта қаралады. Есеп айырысу бухгалтерлік бағалауларындағы өзгерістер бағалау қайта қаралған кезеңде, сондай-ақ қандай да бір бағалаудың өзгеруі қаржылық есептілік деректеріне әсер ететін әрбір болашақ кезеңде танылады.

Бағалауға жол беру және оның белгісіздігі

2023 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде елеулі түзетуге әкеп соғуы мүмкін бағалардың жоқтығы мен белгісіздігі жоқ.

3 Есеп саясатының негізгі ережелері

Бұдан әрі сипатталған есеп саясатының ережелерін Компания осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде дәйекті түрде қолданған.

(а) Шетел валютасы

Шетел валютасындағы операциялар операциялар жасалған күні қолданылған валюта бағамдары бойынша Компанияның тиісті функционалдық валютасына аударылады.

Есепті күнгі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға аударылады. Монетарлық баптар бойынша оң немесе теріс бағамдық айырма тиісті баптың тиімді сыйақы мөлшерлемесі бойынша есептелген сыйақыға және бір жыл үшін төлемдерге түзетілген жыл басындағы функционалдық валютадағы амортизацияланған құны мен осы баптың осы есепті жылдың соңындағы айырбас бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасындағы амортизацияланған құны арасындағы айырманы білдіреді.

Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілген монетарлық емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюта бағамы бойынша функционалдық валютаға ауыстырылады.

Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(б) Пайыздық кірістер мен шығыстар

Тиімді пайыздық мөлшерлеме

Пайыздық кірістер мен шығыстар пайданың немесе залалдың құрамында тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде:

- қаржы активінің жалпы баланстық құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына дейін болашақ есеп айырысу ақшалай төлемдерін немесе түсімдерін дисконттайтын мөлшерлеме.

Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Компания осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалдарды есепке алмай, ақша қаражатының болашақ ағынын бағалайды. Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік залалдарды қоса алғанда, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алынған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәміле бойынша шығындар қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» - бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома минус борыштың негізгі сомасының шотына төлемдер, плюс немесе минус өтеу мерзімі басталған кезде көрсетілген бастапқы сома мен төлеуге берілетін сома арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасы, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген және шығындарға арналған бағалау резервін ескере отырып түзетілген қаржы активтеріне қатысты.

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын «қаржы активінің жалпы баланстық құны» - бұл залалдарға арналған бағалау резервінің шамасына түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

Пайыздық кіріс пен шығысты есептеу

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеу кезінде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражатының ағынын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады.

Алайда бастапқы танудан кейін кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржы активі енді кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, онда пайыздық кірісті есептеу қайтадан жалпы баланстық құн негізінде жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнының шамасына кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кірісті есептеу, егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайса да, жалпы баланстық құн негізінде жүзеге асырылмайды. Қандай жағдайларда қаржы активтері кредиттік-құнсыздану болып табылатыны туралы ақпарат 3(г)(iv) Ескертпеде берілген.

Ақпарат беру

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген, пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер.

(в) Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты және олардың баламалары ақшалай қаражатты, Компанияның ҚРҰБ және «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы ағымдағы шоттарын, сондай-ақ өтеудің бастапқы мерзімі 3 айдан кем, әділ құнның өзгеруінің елеулі тәуекеліне ұшырамайтын және Компания қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын өтімділігі жоғары қаржы активтерін қамтиды. Ақша қаражаты және олардың баламалары қаржы жағдайы туралы есепте амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

(г) Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер

(і) Қаржы құралдарын жіктеу

Бастапқы тану кезінде қаржы активі не амортизацияланған құн бойынша, не өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша, не пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі шартқа да жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының туындауы көзделген.

Борыштық құрал егер ол төмендегі екі шартқа да сай келген және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының туындауы көзделген.

Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайда мен залал амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша сияқты пайда немесе залал құрамында танылатын мынадай баптарды қоспағанда, өзге жиынтық кіріс құрамында танылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер;
- күтілетін кредиттік залалдар және құнсыздануға болған залалдардың қалпына келтірілген сомалары; және
- валюта бағамдарының өзгеруінен пайда немесе залал.

Басқа жиынтық кіріс, жинақталған пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активін тану тоқтатылған кезде бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған, меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Үлестік құралдарға саудаға арналмаған инвестицияларды бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша оны кейіннен алып тастау құқығынсыз басқа жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнына кейінгі өзгерістерді ұсыну туралы шешім қабылдай алады. Бұл таңдау әрбір инвестициялар үшін жеке жүргізіледі.

Russell Bedford A+ Partners

Осындай үлестік құралдар бойынша пайда мен залалдар пайда немесе залал құрамына ешқашан қайта жіктелмейді және пайда немесе залал құрамындағы құнсыздану танылмайды. Дивидендтер пайда немесе залал құрамында танылады (3г(ii) ескертпені қараңыз), олар инвестициялардың бастапқы құнының бір бөлігін қайтаруды білдіретіні айқын көрінетін жағдайларды қоспағанда және бұл жағдайда дивидендтер өзге жиынтық кіріс құрамында танылады. Инвестициялар шығып қалған кезде өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда мен залалдар бөлінбеген пайданың құрамына көшіріледі.

Барлық өзге қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бұдан басқа, бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша кейіннен қайта жіктеу құқығынсыз амортизацияланған құн бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін өлшемдерге жауап беретін қаржы активін, егер бұл есептік сәйкессіздікті жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады.

Бизнес-модельді бағалау

Компания қаржы құралдарының портфелі деңгейінде активті ұстап тұратын бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқару тәсілін және ақпараттың басшылыққа қалай берілетінін жақсы көрсетеді. Компания мынадай ақпаратты талдайды:

- Портфельді басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ көрсетілген саясаттарды практикада іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын ұстап тұруға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша қаражаты ағындарын іске асыруға бағдарланған ба.
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығының назарына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтері) және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша алынған ақша қаражаты ағындарына байланысты ма).
- Өткен кезеңдердегі сату жиілігі, көлемі және мерзімі, мұндай сатудың себептері, сондай-ақ сатудың болашақ деңгейіне қатысты күтулер. Алайда сату деңгейлері туралы ақпарат оқшауланған түрде емес, Компания мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізілетінін және ақша ағындарының қалай іске асырылатынын бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қаралады.

Сауда үшін ұсталатын немесе басқарылуы әділ құн негізінде жүзеге асырылатын және нәтижелілігі бағаланатын қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады, өйткені олар шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу мақсатында да, шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу мақсатында да, сондай-ақ қаржы активтерін сату мақсатында да ұсталмайды.

Шартта көзделген ақша ағындарының тек қана негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар (мысалы, өтімділік тәуекелі мен әкімшілік шығындар) үшін, сондай-ақ пайда маржасына қатысты өтеу ретінде айқындалады.

Шартта көзделген ақша қаражатының ағындары негізгі соманың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген бөлігіне («SPPI критерийі») пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау кезінде Компания қаржы құралының шарттық талаптарын талдайды. Бұл қаржы активі бойынша шарттың талаптарында шарт бойынша ақша қаражаты ағындарының мерзімін

немесе сомасын қаржы активі талданатын талапты қанағаттандырмайтындай өзгертуі мүмкін қандай да бір талап көзделгенін бағалауды қамтиды. Бағалау жүргізу кезінде Компания:

- ақша ағындарының мерзімін немесе сомасын өзгертуі мүмкін шартты оқиғаларды;
- тұтқа (левередж) әсері бар жағдайларды;
- мерзімінен бұрын өтеу және қолданылу мерзімін ұзарту туралы шарттарды;
- Компанияның талаптарын келісілген активтерден ақша ағындарымен шектейтін шарттарды (мысалы, регресс құқығынсыз қаржы активтерін); және
- ақшаның уақытша құны үшін өтемді өзгертуге әкеп соғатын шарттарды назарға алады - мысалы, пайыздық мөлшерлемелерді мерзімді негізде қайта қарау.

Қайта сыныптау

Бастапқы танудан кейін қаржы активтерін жіктеу, Компания қаржы активтерін басқару жөніндегі өзінің бизнес-моделін өзгерткеннен кейінгі кезеңнен басқа, өзгермейді.

(ii) Тануды тоқтату

Қаржы активтері

Компания қаржы активінен ақша ағынына шарттық құқықтардың қолданылу мерзімі өткеннен кейін немесе мәміле бойынша шарттық ақша ағынын алу құқығын берген кезде қаржы активін есептен шығарады, шеңберінде қаржы активіне меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданың көп бөлігі берілсе, немесе ол кезде Компания тәуекелдер мен пайданың көп бөлігін бермейді және өзінде сақтамайды, меншік құқығымен байланысты және қаржы активін бақылауды өзінде қалдырмайды.

Қаржы активін тану тоқтатылған кезде активтің баланстық құны (немесе танылуы тоқтатылған активтің бір бөлігіне бөлінген баланстық құн) мен алынған өтем (i) (өзіне қабылданған жаңа міндеттеменің шамасын шегергендегі алынған жаңа активтің шамасын қоса алғанда) және (ii) өзге жиынтық кіріс құрамында танылған кез келген жинақталған пайда немесе залал сомасы арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

Компанияның қалауы бойынша басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жіктелген үлестік инвестициялық бағалы қағаздар бойынша өзге жиынтық кіріс құрамында танылған пайда/залалдың кез келген жинақталған сомасы осындай бағалы қағаздарды тану тоқтатылған кезде пайда немесе залал құрамына қайта жіктеуге жатпайды. Компания құрған немесе одан сақталған тануды тоқтату үшін талаптар сақталатын берілген қаржы активтеріне қатысудың кез келген үлесі жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

Компания шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы есепте танылған активтерді беретін мәмілелер жасайды, бірақ бұл ретте не берілген активтерге меншік құқығымен байланысты барлық немесе іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданы не олардың бір бөлігін өзінде сақтайды. Мұндай жағдайларда берілген активтерді есепте тану тоқтатылмайды. Мұндай мәмілелердің мысалдары қарызға бағалы қағаздар мен «РЕПО» мәмілесін беру болып табылады.

Компания өзінде сақтамайтын және қаржы активіне меншік құқығымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайданы бермейтін және берілген активке бақылауды сақтайтын мәмілелерде ол берілген активтің құнын өзгерту тәуекеліне Компанияның ұшырау дәрежесі ретінде айқындалатын активке қатысудың жалғасуын сақтаған дәрежеде активті тануды жалғастырады.

Қаржылық міндеттемелер

Компания тиісті шарт бойынша оның міндеттері орындалған немесе жойылған немесе олардың қолданылу мерзімі аяқталған сәтте қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады.

(iii) Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелердің шарттарын түрлендіру

Қаржы активтері

Егер қаржы активінің шарттары өзгеретін болса, Компания осындай түрлендірілген актив бойынша ақша қаражатының ағынының айтарлықтай айырмашылығы бар-жоғын бағалайды. Егер ақша қаражатының ағыны айтарлықтай өзгеше болса («талаптардың едәуір

Russell Bedford A+ Partners

түрлендірілуі»), онда шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағынына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Бұл жағдайда бастапқы қаржы активін тану тоқтатылады және жаңа қаржы активі әділ құн бойынша есепте және мәміле бойынша тиісті шығындарды қосқанда танылады.

Қолда бар қаржы активтері немесе қаржылық міндеттемелер бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасының өзгеруі, егер олар шарттың ағымдағы талаптарының салдары болып табылса, талаптардың түрлендірілуі болып есептелмейді.

Компания шарттардың түрлендірілуі елеулі болып табылатындығына сандық және сапалық бағалау жүргізеді, яғни бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағыны мен оның түрлендірілген немесе ауыстырылған қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағыны айтарлықтай айырмашылығы бар ма? Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, жағдайларды түрлендірудің маңыздылығы тұрғысынан сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Егер ақша қаражатының ағыны айтарлықтай өзгеше болса, онда шартта көзделген бастапқы қаржы активі бойынша ақша қаражатының ағынына құқықтар аяқталды деп есептеледі. Осы бағалауды жүргізу кезінде Компания ұқсастық бойынша қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтатуға қатысты нұсқауларды басшылыққа алады.

Компания шарттарды түрлендіру мынадай сапалық факторлар негізінде елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржы активі валютасының өзгеруі;
- айырбастау шартын қосу.

Егер түрлендіру қарыз алушының/эмитенттің қаржылық қиындықтарына байланысты болса, онда мұндай түрлендірудің мақсаты, әдетте, бастапқы шарттардан айтарлықтай өзгеше жағдайларда жаңа активті құру (беру) емес, шарттың бастапқы талаптарына сәйкес актив құнының барынша ықтимал сомасын өтеу болып табылады. Егер Компания қаржы активін қолданыстағы шартта көзделген ақша қаражаты ағындарының бір бөлігін кешіруге әкелетіндей етіп түрлендіруді жоспарласа, онда ол осы активтің бір бөлігін түрлендіру жүргізілгенге дейін есептен шығару керектігін талдауға тиіс (төменде есептен шығаруға қатысты саясатты қараңыз). Бұл тәсіл сандық бағалау нәтижесіне әсер етеді және мұндай жағдайларда тиісті қаржы активін тануды тоқтату үшін критерийлердің әдетте сақталмауына әкеп соғады. Компания сондай-ақ шарттардың модификациясы едәуір болып табылатындығына сапалы бағалау жүргізеді.

Егер амортизацияланған құн бойынша немесе басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активінің шарттарын түрлендіру осы қаржы активін тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда Компания осы актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, осы активтің жалпы баланстық құнын қайта есептейді және пайда немесе залал құрамындағы түрлендіруден пайда немесе залал ретінде таниды. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржы активтеріне қатысты түрлендіруден түскен пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсету үшін түзетіледі. Осындай түрлендіру шеңберінде туындаған жұмсалған шығындар немесе төленген комиссиялар және алынған комиссиялық сыйақылар түрлендірілген қаржы активінің жалпы баланстық құнын түзетеді және түрлендірілген қаржы активінің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

Егер мұндай түрлендіру қарыз алушының қаржылық қиындықтарына байланысты болса (3 (г) (iv) ескертпені қараңыз), онда тиісті пайда немесе залал құнсыздануан болған залалдар құрамында ұсынылады. Қалған жағдайларда тиісті пайда немесе залал тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер құрамында ұсынылады. (3(б) ескертпені қараңыз).

Қаржылық міндеттемелер

Компания қаржылық міндеттемені мойындауды, оның шарттары түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей өзгеретін жағдайда тоқтатады. Бұл жағдайда түрлендірілген шарттары бар жаңа қаржылық міндеттеме әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен жаңа қаржылық міндеттеменің түрлендірілген талаптармен құны арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады. Төленген өтем, егер бар болса, берілген қаржылық емес активтерді және жаңа түрлендірілген қаржылық міндеттемені қоса алғанда, өзіне қабылданған міндеттемелерді қамтиды.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық және сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, жағдайларды түрлендірудің маңыздылығы тұрғысынан сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Компания шарттарды түрлендіру мынадай сапалық факторлар негізінде елеулі болып табылады деген қорытындыға келеді:

- қаржылық міндеттемелер валютасының өзгеруі;
- айырбастау шартын қосу;
- қаржылық міндеттеменің субординациясын өзгерту.

Егер бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі комиссиялық сыйақыны төлеуді қоса алғанда, жаңа шарттарға сәйкес ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған құнынан кем дегенде 10% ерекшеленетін болса, сандық бағалау жүргізу мақсаттары үшін шарттар айтарлықтай ерекшеленеді деп есептеледі.

Егер қаржылық міндеттеменің шарттарын түрлендіру оны тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда міндеттеменің амортизацияланған құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша ақша қаражатының түрлендірілген ағындарын дисконттау жолымен қайта есептеледі және нәтижесінде туындаған айырма пайда немесе залал құрамындағы түрлендіруден пайда немесе залал ретінде танылады. Өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар қаржылық міндеттемелерге қатысты түрлендіруден түскен пайданы немесе залалды есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме түрлендіруді жүргізу сәтіндегі ағымдағы нарықтық жағдайларды көрсету үшін түзетіледі. Түрлендіру шеңберінде туындаған жұмсалған шығындар немесе төленген комиссиялар міндеттеменің баланстық құнын түзету ретінде танылады және құрал бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептеу жолымен түрлендірілген қаржылық міндеттеменің қолданылуының қалған мерзімі ішінде амортизацияланады.

(iv) Құнсыздану

Сондай-ақ 4-ескертпені қараңыз.

Компания пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын мынадай қаржы құралдары бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін таниды:

- борыштық құралдар болып табылатын қаржы активтері.

Үлестік құралдарға инвестициялар бойынша құнсызданудан болған залал танылмайды.

Компания күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервтерін, олар бойынша резерв сомасы 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарға тең болатын мынадай құралдарды қоспағанда, бүкіл мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарға тең сомада таниды:

- есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік тәуекелі төмен борыштық инвестициялық бағалы қағаздар; және
- кредиттік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап едәуір артпаған басқа қаржы құралдары (жалдау бойынша дебиторлық берешектен басқа).

Компания борыштық инвестициялық бағалы қағаздың кредиттік рейтингі әлемде жалпы қабылданған «инвестициялық сапа» рейтингіне сәйкес келсе, оның кредиттік тәуекелі төмен деп санайды.

12 айлық күтілетін кредиттік залалдар («12 айлық ККЗ») - бұл есепті күннен кейін 12 ай ішінде болуы мүмкін қаржы құралы бойынша дефолт оқиғалары салдарынан күтілетін кредиттік залалдардың бір бөлігі. 12 айлық ККЗ танылатын қаржы құралдары «1-сатылар» қаржы құралдарына жатады.

Бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін кредиттік залалдар («бүкіл мерзім ішіндегі ККЗ») оның барлық күтілетін қолданылу мерзімі ішінде қаржы құралы бойынша дефолттың барлық ықтимал оқиғалары нәтижесінде ККЗ ретінде айқындалады. Барлық мерзім ішінде ККЗ деп танылатын қаржы құралдары «2-сатылар» қаржы құралдарына жатады.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау

Күтілетін кредиттік залалдар дефолттың басталу ықтималдығы дәрежесі бойынша мөлшерленген кредиттік залалдарды есептік бағалауды білдіреді. Олар былайша бағаланады:

Russell Bedford A+ Partners

- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын қаржы активтеріне қатысты:* ақшалай қаражаттың барлық күтілетін жетіспеушіліктерінің келтірілген құны ретінде (яғни шартқа сәйкес Компанияға тиесілі ақша қаражаты ағындары мен Компания алуды күтетін ақша қаражаты ағындарының арасындағы айырма);

- *есепті күнгі жағдай бойынша кредиттік-құнсызданған болып табылатын қаржы активтеріне қатысты:* активтердің жалпы баланстық құны мен ақша қаражатының болашақ есептік ағындарының келтірілген құны арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Қайта құрылымдалған қаржы активтері.

Тараптардың келісімі бойынша қаржы активінің талаптары қайта қаралған немесе қаржы активінің талаптары түрлендірілген немесе қарыз алушының/эмитенттің қаржылық қиындықтары себебінен қолданыстағы қаржы активі жаңасымен ауыстырылған жағдайда осы қаржы активін тануды тоқтату қажеттілігі тұрғысынан бағалау жүргізіледі және күтілетін кредиттік залалдар мынадай түрде бағаланады:

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, онда модификацияланған қаржы активі бойынша күтілетін ақша қаражатының ағыны қолданыстағы актив бойынша ақша қаражатын алмау сомасының есебіне енгізіледі (қараңыз 4-ескертпе).

- Егер күтілетін қайта құрылымдау қолданыстағы активті тануды тоқтатуға әкеп соғатын болса, онда жаңа активтің күтілетін әділ құны оны тануды тоқтату сәтінде қолданыстағы актив бойынша ақша қаражатының түпкілікті ағыны ретінде қаралады. Бұл сома қолданыстағы қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, есепті күнге дейін тануды тоқтатудың күтілетін күнінен бастап кезең үшін дисконтталатын қолданыстағы қаржы активі бойынша ақша қаражатын алмау сомасының есебіне енгізіледі.

Кредиттік-құнсызданған қаржы активтері

Әрбір есепті күнге Компания амортизацияланған құн бойынша ескерілетін қаржы активтерін және басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша ескерілетін борыштық қаржы активтерін олардың кредиттік құнсыздануы мәніне бағалауды жүргізеді («3-сатының» қаржы активтеріне жатады). Қаржы активі осындай қаржы активі бойынша ақша қаражатының болашақ есеп айырысу ағынына теріс әсер ететін бір немесе бірнеше оқиғалар болған кезде «кредиттік-құнсызданған» болып табылады.

Қаржы активінің кредиттік құнсыздануын растау, атап айтқанда, мынадай байқалатын деректер болып табылады:

- қарыз алушының немесе эмитенттің елеулі қаржылық қиындықтары;
- дефолт немесе төлем мерзімін кешіктіру сияқты шарттың талаптарын бұзу;
- Компанияның кредитті немесе аванстық төлемді өзге жағдайларда қарамайтын шарттармен қайта құрылымдауы;
- қарыз алушының банкроттығы немесе өзге де қаржылық қайта ұйымдастырылуы ықтималдығының туындауы; немесе
- қаржылық қиындықтар нәтижесінде бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

Мемлекет борышкер болып табылатын мемлекеттік облигацияларға (өзге де қаржы активтеріне) инвестицияларды кредиттік құнсыздану мәніне бағалау кезінде Компания мынадай факторларды қарайды:

- Облигациялардың кірістілігінде көрсетілген кредит қабілеттілігін нарықтық бағалау.
- Рейтингтік агенттіктер орындаған кредиттік қабілеттілікті бағалау.
- Елдің жаңа борыш шығару үшін капитал нарығына қол жеткізу қабілеті.
- Борышты ұстаушылардың борышты ерікті немесе мәжбүрлі кешіру нәтижесінде шығынға ұшырауына әкеп соғатын борышты қайта құрылымдау ықтималдығы.

Russell Bedford A+ Partners

- Мұндай елге «соңғы сатыдағы кредитор» ретінде қажетті қолдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін халықаралық қолдау көрсету тетіктерінің болуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен ведомстволардың осы тетіктерді пайдалану ниеті жария мәлімдемелерде көрініс табады. Бұл көрсетілген тетіктер әрекетінің тиімділігін және саяси ниетіне қарамастан талап етілетін өлшемдерді сақтау қабілетінің болуын бағалауды қамтиды.

Қаржы жағдайы туралы есепте күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервін ұсыну

Күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервінің сомалары қаржылық жағдай туралы есепте мынадай түрде берілген:

- *амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері:* осы активтердің жалпы баланстық құнының азаюы ретінде.

Есептен шығару

Борыштық бағалы қағаздар қаржылық активті толық сомада немесе оның бір бөлігінде өтеуді негізделген күтулер болмаған кезде есептен шығаруға жатады (ішінара немесе толық сомада). Әдетте, бұл Компания эмитентте есептен шығаруға жататын берешек сомасын өтеу үшін жеткілікті көлемде ақша қаражатының ағынын туындататын алатын активтер немесе табыс көздері жоқ екенін анықтайтын жағдай. Осы бағалау әрбір актив үшін жеке орындалады.

Бұрын есептен шығарылған сомаларды өтеу пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте «борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдар» бабында көрсетіледі.

Алайда есептен шығарылған қаржы активтері тиесілі сомаларды өтеуге қатысты Компанияның рәсімдеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында құқық қолдану объектісі болып қала береді.

(v) «Кері РЕПО» мәмілелері

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі «кері РЕПО» мәмілелері») шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек құрамына енгізіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық кірісті білдіреді және тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» мәмілесінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе залал құрамында көрсетіледі.

(д) Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар

Қаржы жағдайы туралы есептің «Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар» бабы Компания кеңсесінің басқа қалаға көшуіне байланысты тұрғын үй сатып алу үшін Компания жұмыскерлеріне берілген, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қарыздарды қамтиды (3(г)(i) ескертпені қараңыз). Бұл талаптар бастапқыда әділ құн бойынша және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(е) Инвестициялық бағалы қағаздар

Қаржылық жағдай туралы есептің «Инвестициялық бағалы қағаздар» бабы:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын борыштық инвестициялық бағалы қағаздар (3(г)(i) ескертпе қараңыз); олар бастапқыда әділ құн және мәміле бойынша қосымша тікелей шығындар және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, олардың амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

(ж) Негізгі құралдар

(i) Меншікті активтер

Негізгі құралдардың объектілері амортизацияның жинақталған сомалары мен құнсызданудан болған залалдар шегеріле отырып, өзіндік құны бойынша көрсетіледі.

Russell Bedford A+ Partners

Егер негізгі құралдар объектісі ұтымды пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұратын жағдайда, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жекелеген объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Жалға алу

Компания пайдалану құқығы нысанындағы активтерді және құны төмен активтерді жалдау шарттарына және АТ жабдығын қоса алғанда, қысқа мерзімді жалдау шарттарына қатысты жалдау бойынша міндеттемелерді танымау туралы шешім қабылдады. Компания осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде таниды.

(iii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша амортизация оларды ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Амортизация объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құралдар объектілері үшін - объектінің құрылысы аяқталған және оны пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер учаскелері амортизацияланбайды. Негізгі құралдардың әртүрлі объектілерін ұтымды пайдалану мерзімдері мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

- жабдық	5-тен 12 жылға дейін;
- кеңсе жиһаздары мен керек-жарақтары	5-тен 25 жылға дейін;
- көлік құралдары	5-тен 7 жылға дейін;
- бағдарламалық қамтамасыз ету	3-тен 5 жылға дейін.

(з) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған залалдарды шегере отырып, нақты шығындар бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Материалдық емес активтер бойынша амортизация оларды ұтымды пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде тозуды біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе залал құрамында көрсетіледі. Материалдық емес активтерді ұтымды пайдалану мерзімдері 1 жылдан 10 жылға дейін өзгереді.

(и) Акционерлік капитал

(i) Жай акциялар

Кәдімгі акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Жай акциялардың эмиссиясымен және акцияларды сатып алуға арналған опциондармен тікелей байланысты қосымша шығындар меншікті капиталдың азаюы ретінде салық тиімділігін шегергенде көрсетіледі.

(ii) Дивидендтер

Компанияның дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын реттеуге жатады.

Жай акциялар бойынша дивидендтер қаржылық есептілікте бөлінбеген пайданы олардың жариялануына қарай пайдалану ретінде көрсетіледі.

(к) Салық салу

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасын және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе тиісінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей капитал құрамында көрсетілетін меншік иелерімен жасалатын операцияларға қатысты сомаларды қоспағанда, пайда немесе залал құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Russell Bedford A+

Ағымдағы табыс салығы бойынша шығысқа салық салынатын пайдаға немесе бір жылдағы салықтық залалға қатысты төленетін және есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданылатын салық мөлшерлемелері, сондай-ақ өткен жылдардың табыс салығы бойынша түзетулер негізінде есептелген салық сомасы кіреді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері оларды қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақытша айырмаларға қатысты көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері салық салынатын базаны азайтпайтын, бастапқы көрсету фактісі бухгалтерлік те, салық салынатын пайдаға да әсер етпейтін активтер мен міндеттемелерге жататын айырмашылықтарға қатысты танылмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің және кейінге қалдырылған салық міндеттемелерінің шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарға негізделе отырып, уақытша айырмашылықтарды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелерін негізге ала отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері болашақта уақытша айырмашылықтарды, салықтар бойынша қабылданбаған шығыстарды және пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін жабу үшін жеткілікті салық салынатын пайда алыну ықтималдығы бар шамада көрсетіледі. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы тиісті салық пайдаларын өткізу ықтимал болып табылмайтын шамада азайтылады.

(л) Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Бірқатар жаңа стандарттар мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2024 жылдың 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттар мен түсіндірулерге мынадай түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

1. ХҚЕС (IAS) 7 «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп».
2. ХҚЕС (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу».
3. ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау».
4. ХҚЕС (IAS) 1 «Қаржылық есептілікті ұсыну».

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген стандарттарға жаңа түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне әсер етпеді.

4 Қаржы тәуекелдерін талдау

Осы ескертпеде Компанияның қаржылық тәуекелдерге ұшырауы туралы ақпарат берілген. Компания қолданатын қаржы тәуекелдерін басқару жөніндегі саясат туралы ақпарат 14-ескертпеде берілген.

Кредиттік тәуекел – күтілетін кредиттік залалдар сомасы

Құнсыздануды бағалау үшін пайдаланылған бастапқы деректер, жорамалдар мен әдістер

3(г)(iv) ескертпедегі есеп саясатының сипаттамасын қараңыз.

Кредиттік тәуекелді едәуір арттыру

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын бағалау кезінде Компания шамадан тыс шығындар немесе күш-жігерсіз орынды және қолжетімді негізделген және расталған ақпаратты қарайды. Бағалау сандық та, сапалық та ақпаратты, сондай-ақ Компанияның тарихи тәжірибесіне, кредиттік сапаны сараптамалық бағалауға және болжамды ақпаратқа негізделген талдауды қамтиды.

Бағалау мақсаты мыналарды салыстыру арқылы кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияға қатысты кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын анықтау болып табылады:

- есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын; және
- кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияны бастапқы тану кезінде уақыттың осы сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығын (егер орынды болса, мерзімінен бұрын өтеуге қатысты күтулердің өзгеруін ескере отырып түзетілген).

Компания кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алғанын анықтау үшін бірнеше өлшемдерді пайдаланады:

- қаржы құралының ішкі рейтингін 2 және одан да көп позицияға төмендету;
- дефолттың басталу ықтималдығының өзгеруіне негізделген сандық критерий;
- сапалық белгілері; және
- мерзімі өткен 30 күндік «шектегіш».

Кредиттік тәуекелдің градация деңгейлері (рейтингтері)

Компания кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позицияны дефолт тәуекелін болжау үшін пайдаланылатын әртүрлі деректер негізінде, сондай-ақ кредиттік сапаға қатысты сараптамалық пайымдауды қолдану арқылы кредиттік тәуекелдің тиісті рейтингін береді. Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолттың басталу тәуекелінің индикаторы болып табылатын сапалық және сандық факторларды пайдалана отырып айқындалады. Бұл факторлар кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияның сипатына және қарыз алушының түріне байланысты өзгереді.

Кредиттік тәуекел рейтингтері дефолттың басталу тәуекелі кредиттік тәуекелдің нашарлауына қарай экспонент бойынша өсетіндей айқындалады және калибрленеді - мысалы, кредиттік тәуекелдің 1 және 2 рейтингтері арасындағы айырмашылық кредиттік тәуекелдің 2 және 3 рейтингтері арасындағы айырмашылыққа қарағанда аз.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған әрбір позиция қарыз алушы туралы қолда бар ақпараттың негізінде бастапқы танылған күнгі кредиттік тәуекелдің белгілі бір рейтингіне жатады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар тұрақты мониторингке жатады, бұл бастапқы тану кезінде кредиттік тәуекел рейтингінен ерекшеленетін рейтингтің позициясын беруге әкеп соғуы мүмкін.

Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік клиенттер)	**Кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар (корпоративтік және бөлшек клиенттер)**
• Кредиттік рейтингтік агенттіктердің деректері, баспасөздегі жарияланымдар, сыртқы кредиттік рейтингтердің өзгерістері туралы ақпарат; • Егер бұл ақпарат қолжетімді болса, эмитенттердің облигациялары мен кредиттік дефолт своптарының баға белгілеулері; • Қарыз алушының қызметін немесе оның шаруашылық қызметін жүзеге асырудың саяси, нормативтік және технологиялық ортасындағы нақты және күтілетін елеулі өзгерістер.	• Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарауға сұрау салу және сұрау салуларды қанағаттандыру; • Қызметті жүзеге асырудың қаржылық, экономикалық шарттары мен шарттарының ағымдағы және болжамды өзгерістері;

Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын жасау

Кредиттік тәуекел рейтингтері кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру кезінде негізгі бастапқы деректер болып табылады. Компания юрисдикцияға немесе өңірге, өнім мен қарыз алушының түріне қарай, сондай-ақ кредиттік тәуекел рейтингіне байланысты талданатын кредиттік тәуекелге ұшыраған

позицияларға қатысты берешекке қызмет көрсету сапасы және дефолт деңгейі туралы мәліметтерді жинайды. Кейбір портфельдер үшін сыртқы кредиттік рейтингтік агенттіктерден алынған ақпарат та пайдаланылады.

Компания жиналған деректерді талдау және кредиттік тәуекелге ұшыраған позициялар үшін қалған кезең үшін дефолт ықтималдығының бағасын алу және уақыт өткен сайын олардың өзгеруін күтуге арналған статистикалық модельдерді пайдаланады.

Кредиттік тәуекелді едәуір арттыру орын алғанын не алмағанын айқындау

Әрбір есепті күнге Компания бастапқы тану сәтінен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы орын алды ма деп бағалайды. Кредиттік тәуекелді айтарлықтай арттыру мәніне бағалау қаржы құралының сипаттамаларына, қарыз алушының/эмитенттің және географиялық өңірдің түріне байланысты болады. Маңыздылық өлшемі кредиттеудің әртүрлі түрлері үшін, атап айтқанда, корпоративтік клиенттер үшін және жеке тұлғалар үшін ерекшеленеді.

Егер оған Компанияның кредиттік тәуекелін басқару процесімен байланысты сапалық белгілер көрсетілсе, оның әсері сандық талдау шеңберінде толық мөлшерде уақтылы анықтала алмайтын болса, кредиттік тәуекелді арттыру елеулі болып қаралуы мүмкін. Бұл ерекше байқау тізімінде болу сияқты белгілі бір жоғары тәуекел өлшемдеріне сәйкес келетін кредиттік тәуекелге ұшыраған позицияларға қатысты. Көрсетілген сапалық факторларды бағалау кәсіби пайымдау негізінде және тиісті өткен тәжірибені ескере отырып жүргізіледі.

Бастапқы танылған сәттен бастап қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің айтарлықтай артқанын куәландыратын «шектеушінің» белгісі ретінде Компания осы актив бойынша 30 күннен астам мерзімнің өтуі бар деп есептейді. Мерзімі өткен берешек күндерінің саны төлем толық сомада алынбаған жағдай бойынша ең ерте күннен бастап күндердің санын есептеу арқылы айқындалады. Төлемді жүзеге асыру күндері қарыз алушыға берілуі мүмкін жеңілдікті кезең ескерілмей айқындалады.

Егер бастапқы танудың салыстырмалы сәтінде кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы жоқ екендігінің айғағы болса, онда тиісті құрал бойынша шығынға арналған бағалау резерві қайтадан 12 айлық ККЗ мөлшерінде бағаланатын болады. Кредиттік келісімнің қайта қаралған талаптарын бұзу сияқты кредиттік тәуекелді арттырудың кейбір сапалық белгілері дефолттың туындау тәуекелінің артқанын куәландыруы мүмкін, ол белгінің өзі тоқтағаннан кейін орын алуын жалғастырады. Мұндай жағдайларда Компания осы актив бойынша кредиттік тәуекел жеткілікті дәрежеде төмендегенін дәлелдеу үшін қаржы активі бойынша төлемдер мерзімінде және белгіленген сомада жүзеге асырылуы тиіс «сынақ мерзімін» айқындайды. Шартта көзделген кредиттің талаптары өзгертілген кезде ККЗ тану үшін өлшемдер бұдан былай бүкіл мерзім ішінде қанағаттандырылмайтындығының куәлігі шарттың түрлендірілген талаптарына сәйкес уақтылы төлемдер статистикасын қамтиды.

Дефолт ұғымын анықтау

Қаржы активі Компания дефолт оқиғасы басталған қаржы активтеріне мынадай жағдайларда жатқызылады:

- қарыз алушының/эмитенттің Компания алдындағы кредиттік міндеттемелерінің Компания кепілдік қамтамасыз етуді іске асыру (ол болған кезде) сияқты шараларды қолданбай толық көлемде өтелуі ықтимал емес;
- қарыз алушының/эмитенттің Компания алдындағы елеулі кредиттік міндеттемелердің кез келгені бойынша берешегі 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген; немесе
- қарыз алушының/эмитенттің өзінің кредит бойынша міндеттемелері бойынша төлеуге қабілетсіздігі себебінен оның банкроттығы нәтижесінде активтің қайта құрылымдалу ықтималдығы пайда болса;
- банктердегі шоттар мен қаражатқа қатысты тәуекелге ұшырау және 7 күннен астам мерзімге мерзімі өткен бағалы қағаздар.

Қарыз алушының міндеттемелері бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезінде Компания мынадай факторларды ескереді:

- сапалық – мысалы, шарттың («ковенанттардың») шектеу талаптарын бұзу;
- сандық – мысалы, мерзімі өткен берешек мәртебесі және Компания алдындағы басқа міндеттемелер бойынша бір ғана эмитент төлемеуі; сондай-ақ
- меншікті және сыртқы көздерден алынған өзге де ақпаратты қамтиды.

Қаржы құралы бойынша дефолт оқиғасының басталуын бағалау кезіндегі бастапқы деректер және олардың маңыздылығы мән-жайлардағы өзгерістерді көрсету үшін уақыт өткен сайын өзгеруі мүмкін.

Болжамды ақпаратты қосу

Компания болжамды ақпаратты қаржы құралын бастапқы таныған сәттен бастап кредиттік тәуекелдің айтарлықтай жоғарылауы мәніне бағалауға да, сондай-ақ күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға да қосады. Есепке алынатын сыртқы ақпарат мемлекеттік органдар мен ақшалай-кредиттік реттеу органдары жариялайтын экономикалық деректер мен болжамдарды қамтуы мүмкін.

Компания қолда бар деректер мен ақпарат көздерінің дұрыстығы негізінде - макроэкономикалық ауыспалылар, кредиттік тәуекел және кредиттік залалдар арасындағы өзара байланысты бағалау үшін тарихи деректерді пайдаланады. Негізгі факторлар пайыздық мөлшерлемелер, жұмыссыздық деңгейі, ЖІӨ болжамдары және басқалар сияқты ауыспалы факторлар болуы мүмкін.

Түрлендірілген қаржы активтері

Шартта көзделген кредит жөніндегі талаптар нарықтық талаптардың өзгеруін, клиенттерді ұстап қалуды және қарыз алушының ағымдағы немесе кредиттік қабілетінің ықтимал нашарлауына байланысты емес басқа да факторларды қоса алғанда, бірқатар себептер бойынша түрлендірілуі мүмкін. Шарттары түрлендірілген қолданыстағы кредитті есепте тану тоқтатылуы және 3(г)(iii) ескертпеде сипатталған есеп саясатына сәйкес әділ құн бойынша түрлендірілген шарттары бар жаңа кредитті есепте тану көрсетілуі мүмкін.

Егер қаржы активінің шарттары қарыз алушының қаржылық қиындықтарға ұшырауы салдарынан өзгерсе және шарттарды түрлендіру қаржы активін тануды тоқтатуға әкеп соқпаса, қаржы активі бойынша кредиттік тәуекелдің едәуір жоғарылауы орын алғанын айқындау:

- шарттың түрлендірілген талаптары негізінде есепті күнгі жағдай бойынша барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы; және
- шарттың бастапқы талаптары негізінде қаржы активін бастапқы тану кезінде уақыттың осы сәтіне қатысты есептелген барлық мерзімнің қалған бөлігі үшін дефолт ықтималдығы.

Талаптарды қайта қарау әдетте өтеу мерзімін ұзартуды, пайыздарды төлеу мерзімдерін өзгертуді және шарттың (ковенанттардың) шектеу талаптарын өзгертуді қамтиды.

Кредиттік келісімдердің шарттарын қайта қарау жөніндегі саясат шеңберінде түрлендірілген қаржы активтері бойынша дефолт ықтималдығын бағалау шарттардың түрлендірілуі Компанияның пайыздар мен негізгі соманы алу жөніндегі мүмкіндіктерін жақсартуға немесе қалпына келтіруге әкеп соқтырғаны фактісін, сондай-ақ кредиттік келісімдердің шарттарын осындай қайта қарауға қатысты Компанияның алдыңғы тәжірибесін көрсетеді. Осы процесс шеңберінде Компания шарттың түрлендірілген талаптарына қатысты контрагенттің борышқа қызмет көрсету сапасын бағалайды және әртүрлі мінез-құлық факторларын қарайды.

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау

Күтілетін кредиттік залалдарды бағалау кезіндегі негізгі бастапқы деректер мынадай айнымалылардың уақытша құрылымы болып табылады:

- дефолт ықтималдығы (PD көрсеткіші);
- дефолт жағдайындағы залал шамасы (LGD көрсеткіші);
- дефолт жағдайындағы тәуекел астындағы сома (EAD шамасы).

Кредиттік тәуекелге ұшыраған 1-сатыға жататын позициялар үшін ККЗ 12 айлық PD көрсеткішін LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту жолымен есептеледі. Барлық мерзім үшін ККЗ барлық мерзім үшін PD-ны LGD көрсеткішіне және EAD шамасына көбейту жолымен есептеледі.

PD көрсеткіштерін бағалау әдіснамасы жоғарыда «Дефолт ықтималдығының уақытша құрылымын құру» бөлімінде сипатталған.

Компания өз міндеттемелері бойынша дефолтқа жол берген контрагенттерге қатысты талаптарыздар бойынша ақша қаражатын қайтару коэффициенттері туралы ақпарат негізінде LGD көрсеткіштерін бағалайды. Жұмыскерлерге берілген және жеке тұлғаларға жылжымайтын

Russell Bedford A+ Partners

мүлікпен қамтамасыз етілген ұзақ мерзімді қарыздар үшін ипотекалық кредит сомасы мен кепіл құны арасындағы арақатынас (LTV көрсеткіші) дефолт жағдайындағы шығынның шамасын айқындау үшін негізгі параметр болып табылады. LGD көрсеткіштері әртүрлі экономикалық сценарийлерді және жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген кредиттерге қатысты жылжымайтын мүлік бағасының ықтимал өзгерістерін ескере отырып түзетіледі. Олар дисконттау факторы ретінде тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып, ақша қаражатының дисконтталған ағындары негізінде есептеледі. LGD бағалау модельдерінде қаржылық активтің ажырамас бөлігі болып табылатын кез келген қамтамасыз етудің құрылымы, қамтамасыз ету түрі, талаптың үлкендік дәрежесі, контрагент өз қызметін жүзеге асыратын сала және өтеуге жұмсалатын шығындар ескерілген.

Дефолт кезінде ысыраптар деңгейін барабар бағалауды қамтамасыз ету мақсатында Компания сондай-ақ LGD мынадай санаттарын қарайды:

- егер контрагент Қазақстан Республикасының Үкіметі болса, LGD коэффициенті 0%-ды құрайды;
- сыртқы рейтингі бар басқа контрагенттерге қатысты LGD коэффициенті контрагенттің сыртқы рейтингінің деңгейіне сәйкес өтеу мөлшерлемелері туралы Moody 's зерттеулерін ескереді. LGD коэффициенттері жаңартылған зерттеулердің жариялануына қарай қайта есептеуге жатады.

Дефолт жағдайындағы тәуекел астындағы сома дефолт басталған күні кредиттік тәуекелге ұшыраған шаманы есептік бағалауды білдіреді. Бұл көрсеткішті Компания шарттың талаптарына сәйкес және амортизация нәтижесінде осы шамадағы күтілетін өзгерістерді ескере отырып, есепті күнгі ағымдағы шаманы негізге ала отырып есептейді. Қаржы активі үшін дефолт сәтіндегі жалпы баланстық құн EAD шамасы болып табылады.

Жоғарыда сипатталғандай, 1-сатыға жатқызылған қаржы активтері үшін PD ең жоғары 12 айлық көрсеткішті пайдаланған жағдайда, Компания кредиттік тәуекелді басқару мақсаттары үшін де кредиттік тәуекелге ұшырайтын шарт бойынша ең жоғары кезең ішінде дефолт тәуекелін ескере отырып, күтілетін кредиттік залалдарды бағалайды (ұзартуға кез келген опциондарды қоса алғанда) Компания ұзақ мерзімді қарастырып жатыр.

Егер параметрді модельдеу топтық негізде жүзеге асырылатын болса, онда қаржы құралдары құрал түрі және кредиттік тәуекел рейтингтері (мерзімі өткен кредиттердің рейтингтері) сияқты оларға ортақ тәуекел сипаттамалары негізінде топтастырылады.

Компанияда өткен кезеңдердің ақпараты жеткілікті көлемде жоқ портфельдерге қатысты қосымша ретінде сыртқы көздерден салыстырмалы ақпарат пайдаланылады.

Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат күтілетін кредиттік залалдарды бағалау үшін бастапқы ретінде пайдаланылған портфельдердің мысалдары төменде берілген.

	2023 жылғы 31 желтоқсанда кредиттік тәуекелге ұшыраған позиция	**Сыртқы көздерден алынған салыстырмалы ақпарат**	
		PD көрсеткіші	**LGD көрсеткіші**
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,170,918	Moody's дефолт статистикасы	0% - дефолт ықтимал 100%-дан астам кезінде жабын пайызы; 0% - егер контрагент Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылса.
Инвестициялық бағалы қағаздар	36,644,074		
Өзге қаржы активтері	3,629	-	

5 Тиімді сыйақы мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер:		
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	2,639,275	2,605,138
Ақша қаражаты және олардың баламалары:		
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	265,296	
Мерзімді депозиттер	192,455	330,865
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	62,294	65,031
	3,159,320	**3,001,034**

6 Операциялық шығыстар

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
Персоналдың еңбегіне ақы төлеу және тиісті салықтар	1,466,563	1,129,598
Байланыс қызметтері және ақпараттық қызметтер	289,303	311,318
Кәсіби қызметтер	64,112	118,390
Табыс салығынан ерекшеленетін салықтар	121,927	106,772
Операциялық жалдау (лизинг) бойынша шығыстар	98,277	93,115
Іссапар шығыстары	87,921	87,355
Персоналды оқыту	23,853	21,153
Тозу және амортизация	20,782	14,258
Көлік шығыстары	12,077	8,218
Сақтандыру	6,380	6,364
Кеңсе керек-жарақтары және өзге де материалдар	3,251	3,726
Басқалар	6,752	3,446
	2,201,198	**1,903,713**

7 Қызмет көрсетуден түсетін комиссиялық кіріс

Қызмет көрсетуден түскен табыстың барлық сомасы 2013 жылы жасалған алтын-валюта активтерінің бір бөлігін сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес алынған басқару үшін комиссияға жатады. 2023 және 2022 жылдары жыл сайынғы комиссия есепті жылдың соңғы жұмыс күнінің соңында қолданыстағы ҚРҰБ ресми бағамы бойынша теңгеге аударылған 8,000 АҚШ долларының тіркелген сомасы ретінде есептелді.

8 Табыс салығы бойынша үнемдеу/(шығыс)

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
Уақытша айырмашылықтардың пайда болуы және қалпына келтірілуі салдарынан кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасының өзгеруі	5,250	(11,419)
Табыс салығы бойынша (шығыс)/үнемдеу жиыны	**5,250**	**(11,419)**

2023 жылы ағымдағы және кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша мөлшерлеме 20% құрайды (2022 жыл: 20%).

Russell Bedford A+ Partners

31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін табыс салығы бойынша тиімді мөлшерлеменің есебі:

	2023 ж. мың теңге	%	2022 ж. мың теңге	%
Табыс салығына дейінгі пайда	**862,162**		**1,094,166**	
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	(172,432)	(20.0)	(218,833)	(20.0)
Мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша салық салынбайтын кіріс	184,570	21.41	209,623	19.16
Есептелмейтін шығыстар	(6,888)	(0.8)	(2,239)	(0.20)
	5,250		**(11,449)**	

Кейінге қалдырылған салық активтері және кейінге қалдырылған салық міндеттемелері

Қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын базаны есептеу мақсаттары үшін пайдаланылатын сомалар арасында туындайтын уақытша айырмалар 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша таза кейінге қалдырылған салық активтерінің туындауына әкеп соғады. Болашақ салық жеңілдіктері, егер Компания пайдаланылмаған салық шығынын есепке алуға болатын пайда алса және егер Қазақстан Республикасының заңнамасында Компанияның көрсетілген жеңілдіктерді болашақ кезеңдерде пайдалану қабілетіне қолайсыз әсер ететін өзгерістер болмаса ғана алынуы мүмкін.

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдар ішіндегі уақытша айырмалар шамасының өзгеруі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

мың теңге	2023 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(2,506)	1,629	-	(877)
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	32,617	(12,456)	-	20,161
Өзге міндеттемелер	72,478	16,077	(348)	88,207
	102,589	**5,250**	**(348)**	**107,491**

мың теңге	2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қалдық	Пайда немесе залал құрамында көрсетілген	Меншікті капитал құрамында көрсетілген	2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(2,701)	195	-	(2,506)
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	45,660	(13,043)	-	32,617
Өзге міндеттемелер	71,643	1,399	(564)	72,478
	114,602	**(11,449)**	**(564)**	**102,589**

Меншікті капитал құрамында тікелей көрсетілген табыс салығы

мың теңге	2023 ж.	2022 ж.
Компания акционерінен өтеусіз алынған қызметтер мен негізгі құралдар	348	564

9 Ақша қаражаты және олардың баламалары

	2023 жылғы желтоқсанға мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
ҚРҰБ «Ностро» үлгісіндегі шоттар		11,123
ҚРҰБ «Ностро» үлгісіндегі шоттар		**11,123**
Ағымдағы шот	24	
Ағымдағы шот	**24**	
Инвестициялық шот	19,683	
Инвестициялық шот	**19,683**	
Ақша қаражатының баламалары		
Орналастыру мерзімі 90 күннен кем ҚРҰБ мерзімді депозиттер		4,879,540
ҚРҰБ мерзімді депозиттердің жиыны		**4,879,540**
Орналастыру мерзімі 90 күннен кем ЕДБ-дегі мерзімді депозиттер	82,665	
ЕДБ-дегі мерзімді депозиттердің жиыны	**82,665**	
Таза мерзімді депозиттердің жиыны	**82,665**	**4,879,540**
Қазақстан қор биржасында жасалған «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	**5,068,546**	
Ақша қаражатының және олардың баламаларының жиыны	**5,170,918**	**4,890,663**

Брокерлік қызмет көрсету және номиналды ұстау жөніндегі 2023 жылғы 12 шілдедегі № NDLA970 шартқа сәйкес Компания меншікті активтерін (бағалы қағаздар және ақша қаражатының бір бөлігі) «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауға («Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотына) Компанияның тапсырмасы бойынша бағалы қағаздар рыногында бағалы қағаздармен және өзге де қаржы құралдарымен операциялар мен мәмілелер жасау бойынша брокерлік қызметтер көрсету үшін берді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ шотындағы «BCC Invest» АҚ номиналды ұстауындағы ақша қаражатының сомасы 5,088,229 мың теңгені құрайды, оның ішінде:

«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек 5,068,546 мың теңгені құрайды және бағалы қағаздар кепілімен қамтамасыз етілген.

Қаржылық есептілік шығарылған күні «кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек толық өтелді.

2017 жылғы 1 наурыздағы № 77НБ/15 шартқа сәйкес сенімгерлік басқарудағы ақша қаражатының сомасы 2022 жылғы 31 желтоқсанда 4, 879,540 мың теңгені құрады.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ақша қаражатына және олардың баламаларына қатысты күтілетін кредиттік залалдарға резервтер жоқ (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

Барлық ақша қаражаты және олардың баламалары кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылған.

10 Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар

Ұзақ мерзімді қарыздар Астана қаласында сатып алынған тұрғын үй үшін жұмыскерлерден теңгемен алуға жататын соманы қамтиды.

Russell Bedford A+ Partners

	2023 жылғы желтоқсанға мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	313,314	541,696
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар бойынша дисконт	(100,803)	(163,087)
	212,511	**378,609**
Залалдарға арналған бағалау резерві	-	-
Құнсыздануға арналған резервті шегергендегі жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	**212,511**	**378,609**

2020 жыл ішінде Компания кеңсесінің орналасқан жері Алматы қаласынан Астана қаласына ауыстырылды, осы өзгеріске байланысты Компания Астана қаласында тұрғын үй сатып алу мақсатында жұмыскерлерге қарыз берді.

Жұмыскерлерге берілген барлық ұзақ мерзімді қарыздар кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылды.

2023 жыл ішінде Компанияның ағымдағы шотына ақша қаражатын аудару арқылы 5 шарт бойынша кредиттер толығымен өтелді. Шарт талаптарына сәйкес жұмыскерлер кепіл ретінде берген пәтерлер ауыртпалықтан алынды. Көрсетілген қарыз шарттары бойынша кредитті бастапқы тану кезінде танылған дисконт кірістер шотына жатқызылады.

Берілген ұзақ мерзімді қарыздардың шарттары

Компания кеңсесінің орналасқан жерін өзгерту процесін іске асыру үшін Директорлар кеңесі 2020 жылғы 28 сәуірде Алматы қаласынан Нұр-Сұлтан қаласына көшірілетін «Қазақстан Ұлттық Банкінің Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ жұмыскерлеріне қарыз беру тәртібін (бұдан әрі – Тәртіп) бекітті.

Бұл тәртіп Компания жұмыскерлеріне бастапқы және қайталама нарықтарда неғұрлым адал шарттармен тұрғын үй жылжымайтын мүлкін сатып алуға мүмкіндік берді.

Ұзақ мерзімді қарыздарды бастапқы тану кезінде әділ құнды бағалауға қатысты пайымдар.

Бастапқы тану кезінде осы қарыздар болашақ ақша ағындарын шартта көзделген дисконттау үшін жылдық 7.0% (бастапқы нарықта сатып алынған жылжымайтын мүлік үшін) және жылдық 11.0% мөлшерінде тиісті нарықтық пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып бағаланған әділ құн бойынша танылды.

Қарыз шарттарында көрсетілген жылдық 16% номиналды пайыздық мөлшерлеме болашақ ақша ағындарын дисконттау мақсаттары үшін пайдаланылмаған, өйткені осы мөлшерлеме екінші деңгейдегі банктер ұсынатын ипотекалық кредит беру бойынша ағымдағы нарықтық мөлшерлемелерді көрсетпейді. Бұл мөлшерлемені Компания жеңілдікті жағдайлардың тоқтатылуына байланысты жұмыскерлермен еңбек шарты бұзылған жағдайларда ғана қолданады.

2023 жылы Компания жұмыскерлерге тұрғын үй сатып алуға қарыз бермеді.

Қамтамасыз етуді талдау

Ұзақ мерзімді қарыздар тиісті жылжымайтын мүлік кепілімен қамтамасыз етілген. Бұл кредиттерді өндіріп алу мүмкіндігі қамтамасыз ету құнына қарағанда жұмыскерлердің кредит қабілеттілігіне көп дәрежеде байланысты және қамтамасыз етудің ағымдағы құны құнсыздануды бағалауға аз дәрежеде әсер етеді.

Компания жылжымайтын мүлік объектілері құнының шамамен алғандағы өзгерістерін ескере отырып, қарыздар берілген күнге оның ағымдағы құнына дейін қамтамасыз етудің бағалау құнын қайта қарайды. Компания сондай-ақ кредиттік құнсыздану белгілері туындаған жағдайда әрбір есепті күнгі жағдай бойынша қамтамасыз етуге жеке бағалау жүргізе алады. Жылжымайтын мүлікті қамтамасыз етудің әділ құны 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді қарыздардың амортизацияланған құнынан кем емес.

11 Инвестициялық бағалы қағаздар

	2023 жылғы желтоқсанға мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,644,074	36,908,246
Инвестициялық бағалы қағаздар жиыны	**36,644,074**	**36,908,246**

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың жалпы сомасы «BBB-» кредиттік рейтингімен және 2034 жылы өтеу мерзімімен теңгемен деноминацияланған Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарымен ұсынылған.

Кредиттік рейтингтер «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе басқа халықаралық рейтингтік агенттіктердің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған.

Инвестициялық саясатқа сәйкес Компания осы бағалы қағаздарды бизнес-модель шеңберінде ұстап қалады, оның мақсаты шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу болып табылады. Ұқсас борыштық бағалы қағаздар бағасының ресми жарияланған баға белгілеулері бірдей талаптармен жергілікті қор биржасында қолжетімді.

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздарға қатысты күтілетін кредиттік залалдарға резервтер жоқ (2022 жылғы 31 желтоқсан: жоқ).

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық инвестициялық бағалы қағаздар кредиттік тәуекел деңгейінің 1-сатысына жатқызылды.

12 Өзге де міндеттемелер

	2023 жылғы желтоқсанға мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
Жеткізушілерге берешек	13,410	50,820
Басқа да қаржылық міндеттемелердің жиыны	**13,410**	**50,820**
Бонустар мен демалыстар бойынша резервтер	420,426	342,391
Басқа да қаржылық емес міндеттемелер	20,611	4,866
Басқа да қаржылық емес міндеттемелердің жиыны	**441,037**	**347,257**
Өзге міндеттемелердің жиыны	**454,447**	**398,077**

13 Акционерлік капитал және резервтер

(а) Шығарылған капитал

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша тіркелген, шығарылған және айналыстағы акционерлік капитал 4,000,000 жай акциялардан тұрады. Әр акцияның номиналды құны - 10,000 теңге.

Кәдімгі акциялардың иелері олардың жариялануына қарай дивидендтер алуға құқылы, сондай-ақ Компания акционерлерінің жылдық және жалпы жиналыстарында бір дауысқа ие болады.

(б) Қосымша төленген капитал

Қосымша төленген капитал табыс салығын шегере отырып, Компания акционерінен өтеусіз негізде алынған өзге де қызметтерді ұсынады.

(в) Дивидендтер

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компанияның бөлу үшін қолжетімді резервтерінің шамасы ХҚЕС-на сәйкес дайындалған Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген бөлінбеген пайданың шамасымен шектеледі. Егер Компанияның меншікті капиталының мөлшері бөлу нәтижесінде теріс болса немесе мұндай бөлу Компанияның төлем қабілетсіздігіне немесе дәрменсіздігіне әкеп соқса, бөлу жүргізілмейді.

Russell Bedford A+ Partners

2023 жылы Компания жай акцияға (2022 жылы: 849,080 мың теңге, кәдімгі акцияға 212.27 теңге) 1,082,680 мың теңге сомасында дивидендтер жариялады және төледі.

14 Тәуекелдерді басқару

(а) Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат және рәсімдер

Тәуекелдерді басқару Компания қызметінің негізінде жатыр және Компанияның операциялық қызметінің елеулі элементі болып табылады. Нарықтық тәуекел, кредиттік тәуекел және өтімділік тәуекелі Компания өз қызметін жүзеге асыру процесінде кездесетін негізгі тәуекелдер болып табылады.

Компанияның тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаты Компания ұшырайтын тәуекелдерді айқындауға, талдауға және басқаруға, тәуекелдер лимиттерін және тиісті бақылауларды белгілеуге, сондай-ақ тәуекел деңгейін және оның белгіленген лимиттерге сәйкестігін тұрақты бағалауға бағытталған. Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясат пен рәсімдер нарықтық жағдайдың, ұсынылатын банк өнімдері мен қызметтерінің өзгерістерін және пайда болатын үздік практиканы көрсету мақсатында тұрақты негізде қайта қаралады.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жөніндегі бақылау жүйесінің тиісінше жұмыс істеуіне, негізгі тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді басқару жөніндегі саясаттар мен рәсімдерді мақұлдауға, сондай-ақ ірі мәмілелерді мақұлдауға жауапты болады.

Компания Басқармасы тәуекелдерді төмендету жөніндегі шаралардың мониторингі мен енгізілуіне жауапты болады, сондай-ақ Компанияның қызметін белгіленген тәуекелдер шегінде жүзеге асыруын қадағалайды. Тәуекел-менеджердің міндеттеріне тәуекелдерді жалпы басқару және қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ қаржылық және қаржылық емес тәуекелдер бойынша есептерді табу, бағалау, басқару және жасау бойынша жалпы қағидаттар мен әдістердің қолданылуын бақылауды жүзеге асыру кіреді. Тәуекелдің сыртқы және ішкі факторлары Компанияның ұйымдық құрылымы шеңберінде анықталады және басқарылады.

(б) Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан әділ құнның немесе қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының өзгеру тәуекелі. Нарықтық тәуекел валюталық тәуекелден, пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелінен, сондай-ақ басқа да баға тәуекелдерінен тұрады. Нарықтық тәуекел нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістердің және нарықтық бағалардың және валюталардың айырбас бағамдарының құбылмалылығы деңгейінің өзгерістерінің ықпалына ұшыраған пайыздық және үлестік қаржы құралдарына қатысты ашық позициялар бойынша туындайды.

Нарықтық тәуекелді басқарудың міндеті нарықтық тәуекелге ұшырау қабылданған тәуекел үшін алынатын кірістілікті оңтайландыруды қамтамасыз ете отырып, қолайлы параметрлердің шегінен шықпауын басқару және бақылау болып табылады.

Менеджмент тәуекелі департаменті нарықтық тәуекелді басқаруға жауапты болады.

Russell Bedford A+ Partners

(i) Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі - бұл сыйақының нарықтық мөлшерлемелерінің өзгеруі салдарынан әділ құнның немесе қаржы құралы бойынша ақша қаражатының болашақ ағынының өзгеру тәуекелі. Компания басым нарықтық сыйақы мөлшерлемелері ауытқуының оның қаржылық жағдайына және ақша қаражатының ағынына әсеріне ұшырайды. Мұндай ауытқулар пайыздық маржа деңгейін ұлғайтуы мүмкін, алайда оны төмендетуі не пайыздық мөлшерлемелер күтпеген жерден өзгерген жағдайда шығындардың туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру тәуекелі сыйақы мөлшерлемелер арасындағы алшақтық мониторингі арқылы бақыланады. Негізгі қаржы құралдары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін қайта қарау мерзімдеріне қатысты қысқаша ақпарат мынадай түрде берілуі мүмкін:

мың теңге	3 айға дейін	3-6 ай	6-12 ай	1 жыл - 5 жыл	5 жылдан астам	Пайызсыз	Баланстық құн
2023 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,151,211	-	-	-	-	19,707	5,170,918
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	1,681	15,094	4,014	44,953	146,769	-	212,511
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	35,053,631	-	36,644,074
Өзге активтер	-	-	-	-	-	3,629	3,629
Активтер жиыны	**5,152,892**	**1,605,537**	**4,014**	**44,953**	**35,200,400**	**23,336**	**42,031,132**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	13,410	13,410
Міндеттемелер жиыны	-	-	-	-	-	**13,410**	**13,410**
Таза позиция	**5,152,892**	**1,605,537**	**4,014**	**44,953**	**35,200,400**	**9,926**	**42,017,722**
2022 жылғы 31 желтоқсан							
АКТИВТЕР							
Ақша қаражаты және олардың баламалары	4,879,540	-	-	-	-	11,123	4,890,663
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	43,766	4,804	89,390	65,136	175,513	-	378,609
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	1,590,443	-	-	35,317,803	-	36,908,246
Өзге активтер	-	-	-	-	-	3,688	3,688
Активтер жиыны	**4,923,306**	**1,595,247**	**89,390**	**65,136**	**35,493,316**	**14,811**	**42,181,206**
МІНДЕТТЕМЕЛЕР							
Басқа да қаржылық міндеттемелер	-	-	-	-	-	50,820	50,820
Міндеттемелер жиыны	-	-	-	-	-	**50,820**	**50,820**
Таза позиция	**4,923,306**	**1,595,247**	**89,390**	**65,136**	**35,493,316**	**(36,009)**	**42,130,386**

Bedford A+ Partners

Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі

Келесі кесте 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық активтер мен міндеттемелер бойынша орташа тиімді сыйақы мөлшерлемелерін көрсетеді:

	Орташа тиімді сыйақы мөлшерлемесі,%	
	Теңге	
	2023 ж.	2022 ж.
Ақша қаражаты және олардың баламалары:		
ҚРҰБ қысқа мерзімді депозиттер	15,75	13,71
ЕДБ-дегі қысқа мерзімді депозиттер	14,57	
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	10,19	10,47
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	6,36	6,36

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдықты талдау

Пайданың немесе залалдың және капиталдың сезімталдығын талдау (салықтарды шегергенде) 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қолданылатын пайыздық активтер мен міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді және қайта қаралған позицияларды ұлғайту немесе азайту жағына 100 базистік пункте кірістілік қисығын қатар жылжытудың оңайлатылған сценарийі негізінде жасалған пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне (пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау тәуекелі) мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
	Меншікті капитал	Меншікті капитал
Мөлшерлемелерді азайту жағына қарай 100 базистік пунктке параллель жылжыту	50,209	48,380
Мөлшерлемелерді ұлғайту жағына қарай 100 базистік пунктке параллель жылжыту	(50,209)	(48,380)

(ii) Валюталық тәуекел

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның активтері мен міндеттемелері теңгемен көрсетілген.

(в) Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел - бұл қарыз алушының немесе Компанияның контрагентінің міндеттемелерін орындамауы нәтижесінде туындайтын қаржылық ысыраптар тәуекелі. Компания бекітілген саясаттар мен рәсімдерді қолдану арқылы кредиттік тәуекелді (танылған қаржылық активтер және танылмаған шарттық міндеттемелер бойынша) басқарады.

Компанияның кредиттік тәуекелінің ең жоғары деңгейі қаржылық жағдай туралы есепте қаржы активтерінің баланстық құнында көрсетіледі. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда мерзімі өткен немесе құнсызданған қаржы активтері болмаған.

Есепті күнгі жағдай бойынша қаржы активтеріне қатысты кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейі мынадай түрде берілуі мүмкін:

	2023 жылғы желтоқсанға мың теңге	2022 жылғы желтоқсанға мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,170,918	4,890,663
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	212,511	378,609
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	36,644,074	36,908,246
Өзге активтер	3,629	3,688
Кредиттік тәуекелге ұшыраудың ең жоғары деңгейінің жиыны	**42,031,132**	**42,181,206**

Russell Bedford A+ Partners

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алу

Бұдан әрі кестелерде ұсынылған ақпаратты ашу қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер туралы ақпаратты қамтиды, олар:

- Компанияның қаржылық жағдайы туралы есепте өзара есепке алынады; немесе
- қаржылық жағдай туралы есепте олардың өзара есептелетініне қарамастан, ұқсас қаржы құралдарына қолданылатын өзара есеп айырысу туралы заңдық жарамды бас келісімнің немесе ұқсас келісімдердің мәні болып табылады.

Ұқсас келісімдер туынды құралдардың клирингі туралы келісімдерді, «РЕПО» мәмілелері үшін жаһандық бас келісімдерді және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы жаһандық бас келісімдерді қамтиды. Ұқсас қаржы құралдары туынды құралдарды, «РЕПО» мәмілелерін, «кері РЕПО» мәмілелерін, қарыз алу және бағалы қағаздарды қарызға беру туралы келісімдерді қамтиды.

Компания мынадай мәмілелерге қатысты нарықта айналыстағы ақша қаражаты мен бағалы қағаздар түрінде қамтамасыз етуді алады және қабылдайды:

- «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері.

Бұл қамтамасыз ету ретінде алынған/кепілге берілген көрсетілген бағалы қағаздар мәміленің қолданылу мерзімі ішінде кепілге берілуі немесе сатылуы мүмкін, бірақ мәмілені өтеу мерзіміне дейін қайтарылуы тиіс дегенді білдіреді. Мәміленің талаптары сондай-ақ әрбір контрагентке контрагенттің қамтамасыз етуді ұсынуға қабілетсіздігі нәтижесінде тиісті мәмілелерді тоқтату құқығын береді.

Кестеде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өзара есеп айырысу туралы заңды жарамды бас келісімдердің және ұқсас келісімдердің мәні болып табылатын қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер берілген, 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұқсас операциялар жоқ.

Қаржы активтерінің түрлері	**Танылған қаржы активтерінің толық сомасы**	**Қаржы жағдайы туралы есепте өзара есептелген танылған қаржы активтерінің толық сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есептегі қаржы активтерінің таза сомасы**	**Қаржылық жағдай туралы есепте өзара есептелмеген сомалар Қаржы құралдары**
«Кері РЕПО» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек	5,068,546		5,068,546	5,068,546
Қаржы активтерінің барлығы	**5,068,546**		**5,068,546**	**5,068,546**

(г) Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияда есеп айырысу ақша қаражатын беру жолымен жүзеге асырылатын қаржылық міндеттемелерді орындау бойынша қиындықтар туындау тәуекелі. Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша сәйкес келмеген кезде туындайды. Активтер мен міндеттемелердің өтеу мерзімдері мен пайыздық мөлшерлемелері бойынша сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі өтімділік тәуекелін басқарудағы негіз қалаушы сәт болып табылады. Жүргізілетін операциялардың әртүрлілігі мен олармен байланысты белгісіздіктің салдарынан активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері бойынша толық сәйкес келу қаржы институттары үшін кәдімгі практика болып табылмайды, бұл операциялардың пайдалылығын ұлғайтуға мүмкіндік береді, алайда шығындардың туындау тәуекелін арттырады.

Компания өтімділіктің қажетті деңгейін оларды өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында қолдайды. Өтімділікті басқару жөніндегі тәртіпті Басқарма қарайды және бекітеді.

Russell Bedford A+ Partners

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы активтері қаржылық міндеттемелерден едәуір асып түсті және Компания елеулі өтімділік тәуекеліне ұшырамады.

15 Капиталды басқару

Компанияның капиталды басқару бойынша ресми саясаты жоқ, алайда басшылық капиталды Компанияның операциялық және стратегиялық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, сондай-ақ нарық қатысушыларының сенімін қолдау үшін жеткілікті деңгейде ұстау жөнінде шаралар қабылдайды. Бұған ақша қаражатын тиімді басқару, Компанияның кірістері мен пайдасына тұрақты мониторингті жүзеге асыру және негізінен Компанияның операциялық қызметінен түскен ақша ағындары есебінен қаржыландырылатын ұзақ мерзімді инвестициялық жоспарлар есебінен қол жеткізіледі. Осы шараларды жүзеге асыра отырып, Компания пайданың тұрақты өсуін қамтамасыз етуге ұмтылады.

2015 жылы «Бағалы қағаздар нарығы туралы заңға» енгізілген өзгерістерге байланысты Компания өз қызметін мемлекеттік лицензиясыз жүзеге асырады. Нәтижесінде, 2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша меншікті капиталдың жеткіліктілігі жөніндегі талаптар Компанияға қолданылмады.

16 Шартты міндеттемелер

(а) Сақтандыру

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметтерінің нарығы қалыптасу сатысында және әлемнің басқа елдерінде таралған сақтандырудың көптеген нысандары әзірге Қазақстанда қолжетімді емес. Компания ғимараттар мен жабдықтарды сақтандыруды, қызметін уақытша тоқтатуды толық көлемде немесе Компанияның мүлкін пайдалану нәтижесінде немесе Компанияның қызметіне қатысты өзге де жағдайларда келтірілген мүліктік немесе экологиялық залал бөлігінде үшінші тұлғалардың жауапкершілігіне қатысты жүзеге асырмады. Компания барабар сақтандыру жабыны болмайынша, белгілі бір активтерді жоғалту немесе бүлдіру Компанияның қызметіне және қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

(б) Аяқталмаған сот талқылаулары

Басшылықтың қандай да бір елеулі нақты немесе аяқталмаған сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Компанияға қарсы қойылуы мүмкін әлеуетті талаптар туралы ақпараты жоқ.

(в) Қазақстандағы шартты салық міндеттемелері

Қазақстанның салық жүйесі салыстырмалы түрде жаңа бола отырып, заңнамалық нормалардың, ресми түсіндірмелердің және сот шешімдерінің жиі өзгерістерімен сипатталады, көбінесе анық баяндалған және қайшы келеді, бұл оларды әртүрлі салық органдарының, оның ішінде ХҚЕС талаптарына сәйкес кірісті, шығыстарды және қаржылық есептіліктегі өзге де баптарды есепке алуға қатысты қорытындыларды біркелкі түсіндіруге жол береді. Салықтарды есептеудің дұрыстығы өкілеттігіне елеулі айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы және пайыздар салу кіретін органдар тарапынан қарау және егжей-тегжейлі тексеру нысанасы болып табылады. Есепті кезеңде салықтарды есептеудің дұрыстығы келесі күнтізбелік бес жыл ішінде тексерілуі мүмкін, алайда белгілі бір жағдайларда бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Бұл жағдайлар Қазақстандағы салық тәуекелдерінің басқа елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары болуына әкелуі мүмкін. Компания басшылығы қолданылатын қазақстандық салық заңнамасын, нормативтік талаптарды және сот шешімдерін өз түсінігіне сүйене отырып, салық міндеттемелері толық көлемде көрсетілген деп есептейді. Алайда, әртүрлі реттеуші органдардың салық заңнамасын түсіндіруі басшылықтың пікірінен өзгеше болуы мүмкін екендігін назарға ала отырып, реттеуші органдар тарапынан ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданылған жағдайда олардың осы қаржылық есептілікке әсері елеулі болуы мүмкін.

Russell Bedford A+ Partners

17 Сенімгерлік басқару

Компания Бас компанияның активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызметтер көрсетеді, атап айтқанда, активтерді басқарады не алынған қаражатты клиенттің нұсқауларына сәйкес әртүрлі қаржы құралдарына инвестициялайды. Компания осы қызметтерді көрсеткені үшін комиссиялық сыйақы алады. Сенімгерлік басқаруға алынған активтер Компанияның активтері болып табылмайды және тиісінше оның қаржылық жағдайы туралы есебінде көрсетілмейді. Компания көрсетілген салымдарды жүзеге асыру кезінде кредиттік тәуекелге ұшырамайды, өйткені ол көрсетілген инвестицияларға кепілдік бермейді.

18 Байланысты тараптармен жасалатын операциялар

(а) Бақылау қатынастары

2023 және 2022 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания толығымен ҚРҰБ тиесілі. Қазақстан Республикасының Үкіметі Компанияның түпкілікті бақылаушы тарабы болып табылады.

Бас компания ашық қолжетімді қаржылық есептілікті ұсынады.

(б) Негізгі басқару персоналының мүшелерімен жасалатын операциялар

2023 және 2022 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін персоналға арналған шығындар құрамына енгізілген сыйақылардың жалпы мөлшері мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
Жалақы	225,691	201,710
Жалақы бойынша салықтар	21,077	18,049
	246,768	**219,759**

2023 жылғы 31 желтоқсандағы және 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі басқару персоналының мүшелерімен операциялар бойынша шоттар бойынша қалдықтар мынадай түрде берілген:

	2023 ж. мың теңге	2022 ж. мың теңге
Қаржылық жағдай туралы есеп		
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	65,094	104,802

(в) Басқа да байланысты тараптармен операциялар

2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал мыналарды құрады:

Russell Bedford A+ Partners

	Бас компания мың теңге	Бас компанияның басқа да еншілес кәсіпорындары мың теңге	Мемлекеттік кәсіпорында р мың теңге	Жиыны мың теңге
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және олардың баламалары		19,683		19,683
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,644,074	36,644,074
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	107,491	107,491
Өзге активтер	3,629	-	113,988	117,617
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Өзге міндеттемелер	-	(1,370)	-	(1,370)
Пайда немесе залал				
Тиімді сыйақы мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	579,618		2,247,054	2,826,672
Операциялық шығыстар	(1,738)	(37,530)	(232,980)	(272,248)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	3,629	-	-	3,629
Өзге де шығыстар	(6,428)	-	-	(6,428)
Табыс салығы бойынша үнемдеу	-	-	5,250	5,250

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоттар бойынша қалдықтар, сондай-ақ басқа да байланысты тараптармен операциялар бойынша тиісті пайда немесе залал мыналарды құрады:

	Бас компания мың теңге	Бас компанияның басқа да еншілес кәсіпорындары мың теңге	Мемлекеттік кәсіпорында р мың теңге	Жиыны мың теңге
Қаржылық жағдай туралы есеп				
АКТИВТЕР				
Ақша қаражаты және олардың баламалары	4,890,663	-	-	4,890,663
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	-	-	36,908,246	36,908,246
Кейінге қалдырылған салық активтері	-	-	102,589	102,589
Өзге активтер	3,688	-	143,911	147,599
МІНДЕТТЕМЕЛЕР				
Өзге міндеттемелер	(52)	(937)	(4,860)	(5,849)
Пайда немесе залал				
Тиімді сыйақы мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кіріс	673,154	-	2,262,849	2,936,003
Операциялық шығыстар	(6,247)	(23,119)	(162,625)	(191,991)
Қызмет көрсетуден түскен комиссиялық кіріс	3,688	-	-	3,688
Өзге де шығыстар	(6,843)	-	-	(6,843)
Табыс салығы бойынша шығыс	-	-	(11,449)	(11,449)

Байланысты тараптармен операциялар бойынша қалдықтардың көпшілігі бір жыл ішінде өтелуге жатады. Байланысты тараптармен жасалатын операциялардың қамтамасыз етілуі жоқ.

19 Қаржылық активтер мен міндеттемелер: әділ құн және есептік жіктемелер

(а) Есепке алу жіктемелері және әділ құн

Әділ құнды бағалау активті сату кезінде алынатын немесе бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасындағы әдеттегі мәміле жағдайында міндеттемені беру кезінде төленетін бағаны айқындауға бағытталған. Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдаулардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер дереу іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Активтік нарықта айналыстағы қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелердің әділ құны нарықтық баға белгілеулерге немесе дилерлік бағаларға негізделеді. Компания бағалаудың өзге әдістерін пайдалана отырып, Компанияның барлық басқа қаржы құралдарының әділ құнын айқындайды. Дегенмен, белгісіздік факторын, сондай-ақ пайдаланылатын пайымдаулардың субъективтілігін назарға ала отырып, әділ құн активтер дереу іске асырылатын, ал міндеттемелер реттелетін құн ретінде қарастырылмауы тиіс.

Компанияның барлық қаржы құралдарының есептік әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

(б) Әділ құнды бағалау сатысы

Компания көрсетілген бағаларды қалыптастыру кезінде пайдаланылатын деректердің маңыздылығын ескеретін әділ құнды бағалаудың мынадай сатысын пайдалана отырып, әділ құнды бағалайды:

- 1-деңгей: Ұқсас қаржы құралдарына қатысты белсенді нарықтағы баға белгілеулер (түзетілмеген);
- 2-деңгей: 1-деңгейге жататын баға белгілеуден ерекшеленетін, тікелей қол жетімді (яғни баға белгілеу) не жанама (яғни баға белгілеуден туындайтын деректер) деректер. Осы санат ұқсас құралдар үшін белсенді нарықтардағы нарықтық баға белгілеулерді, белсенді құралдар ретінде қарастырылмайтын нарықтардағы ұқсас құралдар үшін нарықтық баға белгілеулерді немесе бағалаудың өзге де әдістерін пайдалана отырып бағаланатын құралдарды қамтиды, олардың барлық пайдаланылатын деректері тікелей немесе жанама түрде бақыланатын бастапқы деректерге негізделеді.
- 3-деңгей: қол жетімді емес деректер. Бұл санат байқалатын нарықтық деректерге негізделмеген ақпаратты пайдалана отырып бағаланатын құралдарды қамтиды, бірақ мұндай бақыланбайтын деректер құралдың бағалануына елеулі әсер етеді. Осы санат ұқсас құралдар үшін баға белгілеу негізінде бағаланатын, оларға қатысты елеулі бақыланбайтын түзетулерді немесе құралдар арасындағы айырмашылықты көрсету үшін пайымдауларды пайдалануды талап ететін құралдарды қамтиды.

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясы деңгейлері бөлінісінде 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарын талдау келтірілген:

мың теңге	2-деңгей	Әділ құн жиыны	Баланстық құнының жиыны
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	5,170,918	5,170,918	5,170,918
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	212,511	212,511	212,511
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	27,113,770	27,113,770	36,644,074
Басқа активтер - ҚРҰБ комиссиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	3,629	3,629	3,629

Бұдан әрі кестеде әділ құнды бағалау жатқызылған әділ құн иерархиясы деңгейлері бөлінісінде 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құн бойынша көрсетілмейтін қаржы құралдарын талдау келтірілген:

мың теңге	2-деңгей	Әділ құн жиынтығы	Баланстық құнының жиыны
Активтер			
Ақша қаражаты және олардың баламалары	4,890,663	4,890,663	4,890,663
Жұмыскерлерге берілген ұзақ мерзімді қарыздар	378,609	378,609	378,609
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	28,656,331	28,656,331	36,908,246
Басқа активтер - ҚРҰБ комиссиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	3,688	3,688	3,688

Russell Bedford A+ Partners